

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы «18» қаңтар
№ 25 бұйрығымен бекітілген

**«БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ**

Астана қ.

I. Жалпы ережелер

1. Осы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Дивидендтік саясаты (бұдан әрі – Дивидендтік саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» № 633 қаулысына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) Жарғысына, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқа ішкі құжаттарына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционеріне дивидендтерді төлеу талаптары мен тәртібіне қатысты ақпаратқа рұқсат беруді қамтамасыз ету, сондай-ақ дивидендтерді төлеу кезінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаржылық жағдайы туралы анық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

II. Дивидендтер туралы негізі ережелер

2. Дивиденд оған тиісті акциялар бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ төленетін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің кірісі болып табылады.

3. Жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерімен қабылданады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысымен көзделген өз өкілеттіліктерінің шегінде жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу/төлеу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

4. Дивидендтерді төлеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысымен, осы Дивидендтік саясатпен және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің тиісті шешімдерімен регламенттеледі.

5. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің құқығы болып табылады.

III. Дивидендтік саясаттың қағидаттары

6. Дивидендтік саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:
- 1) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау;
 - 2) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және еншілес ұйымдардың қызметінің табыстылығын қамтамасыз ету;

3) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және еншілес ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;

4) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және еншілес ұйымдардың қаржылық қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету;

5) Дивидендтердің мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығы;

6) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің қысқа мерзімді (кірістер алу) және ұзақ мерзімді (ұйымды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі.

IV. Дивидендтерді төлеудің негізгі талаптары

7. Дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау кезінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционері оларды төлеу талаптарына сүйенеді, сондай-ақ есептік қаржы жылындағы алынған таза табыс (жылдық пайда) мөлшерін және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметінің даму қажеттілігін есепке алады.

8. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу талаптары:

1) есептік қаржы жылындағы қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ таза табысының (жылдық пайдасының) болуы;

2) қолданыстағы заңнамамен, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысымен көзделген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы;

3) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ дивидендтерді есептеу және төлеу тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысына сәйкестігі;

4) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделерін сақтау;

5) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ меншікті капиталының теріс мөлшерінің болмауы немесе меншікті капиталының теріс капиталына жол бермеу;

6) Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі белгілерінің болмауы не көрсетілген белгілер «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болады;

7) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің дивидендтердің мөлшері туралы ұсыныстарының болуы;

8) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің дивидендтерді төлеу туралы шешімінің болуы болып табылады.

V. Дивидендтердің мөлшерін және оларды төлеуді есептеу тәртібі

9. Өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционеріне төленуі тиіс және дивидендтерді төлеуге бағытталған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ таза пайдасының ең төмен үлесі болып табылатын дивидендтердің жоспарлы көлемі белгіленген тәртіпте «Бәйтерек»

ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін тиісті кезеңге арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ даму жоспарында есептеледі.

10. Дивидендтер Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары (ХҚЕС) туралы заңнамасының талаптарына сәйкес құрылған және тәуелсіз аудиторлық компаниямен расталған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жылдық қаржылық есептілігінің негізінде анықталатын таза табысынан (жылдық пайдасынан) төленеді.

11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі өткен қаржы жылындағы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ таза табысын бөлу тәртібі және есептік қаржы жылының қорытындылары бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ төленуі тиіс «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивидендтердің өлшемдері туралы ұсыныстарды «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционеріне береді.

12. Белгіленген тәртіппен дивидендтерді төлеу туралы мәселені қарастырған кезде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ағымдағы жағдайы, оның қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлары назарға алынады.

13. Дивидендтердің мөлшері және төлеу мерзімдері туралы соңғы шешім «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

14. Директорлар кеңесі ұсынатын бір жай акцияға шаққандағы дивидендтердің мөлшері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептеледі.

15. Дивидендтерді төлегеннен кейінгі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ таза табысынан (жылдық пайдасынан) қалған бөлігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ иелігінде қалады.

16. Есептік қаржы жылының қорытындылары бойынша дивидендтер Жалғыз акционер жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап он күн ішінде төленеді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ дивидендтерді мерзімінен бұрын төлеу бойынша міндеттемені орындауға құқылы.

Дивидендтерді төлеу болып «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шотынан сәйкес ақша сомасын бюджеттік сыныптаманың тиісті коды бойынша республикалық бюджеттің кірісіне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің пайдасына аудару есептеледі.

17. Дивидендтерді төлеу туралы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің шешімі болмаған кезде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ дивидендтерді төлеуге, ал «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің оларды төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

18. Дивидендтер «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционеріне ақшамен (ұлттық валютада) төленеді.